



ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Актюбинская область, город Актобе,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

« 2 » қыркүйек 2024 ж

№ 15

**Асханадан тегін тамақтанатын жекелеген
санаттағы білім алушыларды
бақылау-тексеру бракеражды
комиссиясы туралы**

2024-2025 оқу жылында мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру мен оның сапалық деңгейін жақсарту, тыйым салынған тағамдарды саттырмау және оқушылардың өмір қауіпсіздігінің сақталуын бақылау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет бойынша мектеп асханасынан тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуын және жекелеген санаттағы білім алушылардың сапалы тамақтануын күнделікті бақылау-тексеру үшін төмендегі құрамда бракеражды комиссия мүшелері тағайындалсын:

1. А.Қ.Ешмағамбетова – мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. А.Ш.Оралбаева – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. К.Б.Куркембаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. С. С.Махашова - мектеп директорының оқу - тәрбие ісінің орынбасары;
5. К.Сейітова - мектеп медбикесі;
6. А.А.Жумаханова. - әлеуметтік педагог;
7. Б.Куккузова – мектеп психологы;
8. Б.Куркембаев – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
9. К.Шектибаева - ата - аналар комитетінің төрайымы;

2. Білім алушылардың мектеп асханасынан күнделікті тегін ыстық тамақпен сапалы тамақтануын қадағалау бракеражды комиссия мүшелеріне жүктелсін.

3. Мектеп асханасының перспективалы ас мәзірі Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Ақтөбе облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының келісімі негізінде жасақталсын.

3.1. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың сатылуына тыйым салынсын: тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар, майонез қосылған салаттар, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындар (минералды және ауыз суды қоспағанда), хот-догтар, гамбургерлер, чипсілер, кептірілген нан (сухарики), ащы тұздықтар, кетчуптер негізінде бірінші және екінші тағамдарға; сағыз сатуға және тамақ өнімдерін сағатын автоматтарды пайдалануға;

3.2. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың дайындалуына тыйым салынсын: айран, сүзбе және сүт қышқылы өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцті, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морсты, квасты, форшмақты, фритюрдегі өнімдерді, сілікпені, паштеттерді, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны, қаймақ қосылған салаттарды, окоршканы, саңырауқұлақты, үйде дайындалған өнімдерді дайындауға;

3.3. Мектеп асханасындағы ас әзірлейтін құрал-жабдықтардың талапқа сай жұмыс жасауы және ондағы жиһаздардың санитарлық-гигиеналық жағдайы мен тазалығының сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

3.4. Күн сайын ас блогында аспазшы тарапынан дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруға мән берілсін.

3.5. Мектеп асханасында оқушыларға арналып әзірленетін астың сапалы дайындалуын және оқушылардың тамақтану кезіндегі тыйым салынған тағамдарды болдырмау, өмір қауіпсіздігінің сақталуы қамтамасыз етілсін.

4. Бракераждық комиссия мүшелері күнделікті дайындалатын тағамның шығымы мен сапасын қадағаласын.

5. Аталған талаптардың орындалуы мектеп асханасын жалға алушы ЖК «Бабакулов» міндеттелсін.

6. Оқушылардың көрсетілген кестеге сәйкес асханада тамақтануын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру класс жетекшілерге міндеттелсін.

7. Бракераждық журналды жүргізу, даярланған ас мәзірінің сапасын күнбе-күн тексеру мектеп медбикесі К.Сейітоваға міндеттелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Б.Куркембаева, әлеуметтік педагог А.Жумаханова қадағаласын.

Мектеп директоры



А.Ж.Ешмағамбетова